

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Мағжан Жұмабаев атындағы
Петропавл гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны**

**«Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының азаматтық
қызметшілері мінез-құлқының сыбайлас
жемқорлыққа қарсы стандарты**

**Антикоррупционный стандарт поведения гражданских служащих
коммунального государственного казенного предприятия
«Петропавловский гуманитарный колледж имени Магжана Жумабаева»
акимата Северо-Казахстанской области**

**«М.Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының азаматтық
қызметкерлері мінез-құлықтарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы
стандарты**

1.«М.Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының азаматтық қызметкерлері мінез-құлықтарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашасындағы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес өңделді және «М.Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының азаматтық қызметкерлері жұмысының ақпараттық-аналитикалық, құқықтық-ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынас саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыныстардың жүйесін ұсынады.

2. Стандарт «М.Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының азаматтық қызметкерлерінің тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы (бұдан әрі – азаматтық қызметкерлер) тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік атмосферасына қол жеткізу үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың көріністі дер уақытында анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау үшін арналған.

3. Стандарттың қағидалары:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлықтың көріністерден қорғау;
- 5) мүдделер жанжалына жол бермеу.

4. Лауазымдық өкілеттігін атқарған кезде азаматтық қызметшілер Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер және олардың органдары шешімдерімен байланысты болмайды.

5. Азаматтық қызметшілер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары аясында (соның ішінде еңбек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі, азаматтық қызмет туралы):

1) жеке және заңды тұлғалар құқығы мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде мыналарды қамтамасыз етеді:

азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуресарсаңға салуға жол бермеу;

азаматтардың құқықтарын іске асырудың барынша аз мерзімі және заңды мүддесін;

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына және регламенттеріне сәйкес азаматтық қызметтерді көрсету;

көрсетілетін қызметті алушының шығу тегіне, әлеуметтік, лауызымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты қандайда бір кемсітушіліксіз тең қол жеткізу;

Рұқсат етілмейді:

азаматтардың өтініштерін қарау кезінде оларға қатысты мәселені объективті шешуге мүдделілік білдірмейді деп пайымдауға негіз болған адамдарға тексеру жүргізуді жүктеу жағдайларына;

өтініш берген немесе оның мүддесі үшін өтініш берілген адамға жеке және заңды тұлғалардың зиян келтіретін өтінішіне;

шығымдарды іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғалардың қарауына жібермеуге;

азаматтардың келісімінсіз олардың жеке және отбасы өмірі туралы ақпараттың таралу мүмкіндігіне;

жеке тұлғаның жеке басы туралы өтінішке қатысы жоқ деректердің анықталуына.

2) өз құзіреті шегінде басқару және өзге де шешім дайындау мен қабылдау кезінде мыналарды қамтамасыз етеді:

құзіретінің ара-жігін нақты айқындауды және барлық құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың келісіп қызмет етуін;

лауазымдық өкілеттікті атқаруға қатысы жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен тапсырмалар шығаруға жол бермеуді;

туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайына жол бермеуді;

меритократия қағидатын сақтауды;

қабылданған шешімдердің заңдылығына жеке жауапты болуды.

3) нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындаған кезде мыналарды қамтамасыз етеді:

нормативтік құқықтық актілерді осы актіні қабылдау құзіреті Қазақстан Республикасының заңнамаларында тура қарастырылған жағдайда ғана қабылдауды;

азаматтар құқығын іске асыру жөніндегі жобасын келісу инстанциясының ең аз саны.

4) күнделікті қызметте:

мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтайды және нығайтады;

жалпыға ортақ моральдық-әдептілік нормаларын сақтайды;

мемлекеттік билік беделін қолдауды және Қазақстан Республикасын кемсітушілікке қабілетті және мемлекеттік қызмет мүддесіне қарама-қайшы келетін әрекеттерге жол бермеуді, соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың көрінуіне қарсы тұруды, мемлекеттік қызметшілер үшін заңнамамен белгіленген тыйымдар мен шектеулерді қатаң сақтауды қамтамасыз етеді;

лауазымдық өкілеттігін және олардың негізіндегі беделін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделеріне пайдалануға әкелетін әрекеттер жасауға жол бермейді;

оларға мәлім болған сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық жағдайлар туралы басшылықтың және (немесе) құқық қорғау органдарының назарына тез арада жеткізуді;

қажет болған жағдайда тікелей басшысына мүдделер жанжалы, қызметтік міндеттерін орындаған кезде жеке қызығушылық білдіру туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық жасауға және сыйлық алуға көндіру туралы мәліметті жеткізеді;

әріптестерге және басшыларға, олардың риясыз қызметтік шешім қабылдауға әсер ететін, орнатылған өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын, құқықтық емес өтінішпен жүгінбейді;

қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлық қабылдамайды және сыйламайды;

игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбайды;

егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, зайыбы-жұбайы, ағасы-інісі, әпкесі-сіңлісі, баласы) қатынаста тұрған адамдарға тікелей бағыныстылыққа немесе солардың бақылауына байланысты болса, оған тағайындалудан бас тартады;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты ашуда белсенділік танытады;

өзінің тікелей басшысына жазбаша түрде орындау үшін алынған өкімнің дұрыстығына күдік келтірілгені туралы дереу хабарлайды;

жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдайды;

мүдделер шиеленісі, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі шараларды тұрақты негізде қабылдайды;

қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті сақтайды;

басшылыққа қатысты жеке берілгендікке, олардың қызметтік мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермейді;

өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

6. Басшы:

өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғалардың ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болады;

басшылықты жеке-дара басқаратын қызмет жолымен жүзеге асырады және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін жеке жауапты болады;

қарамағындағылардан лауазымдық өкілеттіктерінен тыс тапсырмалар орындауын талап етпейді;

өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында қарамағындағы қызметшілерде туындаған мүдделер шиеленісін реттеу жөніндегі толыққанды шараларды уақытында қабылдайды;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі толыққанды шараларды қабылдайды;

қарамағындағылармен құмар ойындарға қатысудан өзін аулақ ұстайды;

өзінің қарамағындағы қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйіне және олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына жол бермеуге бастапқы жауапкершілікте болады.